

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Куралай» балабақшасы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	Балдаурен				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Сергазина Нургұль Мажитовна				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	31.10-04.11.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дene қызыын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл құймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес	Әңгімелесу. Күз мезгілінде болатын мерекелер жайлы ақпарат беру; ата-аналардың балалары жайлы мазалап жүрген сұраптарына жауап беру.				

Беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстелдердің жанына орындықтарды қою. Мақсат-міндеттері. Орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету.	Құрылыш материалдарын контейнерлерге жинап салу. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру.	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттері. Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздал құю, қажетіне қарай суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарады үйрету.	Ойыншықтарды сөрелерге қою. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіpte қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылышты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	Кітап бұрышын тазалау. Мақсат-міндеттері. Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету.
Суретпен әңгіме: "Табиғат әлемі". Мақсат-міндеттері. Балалармен табиғат әлемі туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсінктерін көңейту. Олардың аталуы, құрамындағы	"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін нақтылау және тереңдешту.	"Орманшы" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттері. Балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діні, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда	"Жылдың қай мезгілі?" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттері. Әр маусымның айлары және жыл мезгілдерінің негізгі ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту.	

	<p>кездесетін дәрумендерді, оның адам денсаулығына маңызы жөніндегі білімдерін терендету. (қоршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>балага жыл мезгілін атайды да таңбалауышты береді. Бала жыл мезгілінде болатын табиғат құбылысын атайды да, таңбалауышты келесі балаға береді. Таңбалауышты алған келесі бала жыл мезгілінің екінші ерекшелігін атайды. Ойын осылай жалғаса береді.</p>	<p>болуы туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы" етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. (қоршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Барысы: педагог өлең оқиды, балалар осы өлең ішінен қай жыл мезгілі айтылғанын табу керек. Қазақ тілінде жыл мезгілдерін атауды талап ету. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>
Таңертенгі жаттығу	<p>"Қуыршақпен ойнаймыз".</p> <p>Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде.</p> <p>1-2 қуыршақты алға ұстая, жоғары көтеру (Зрет).</p> <p>3-4 бастапқы қалып.</p> <p>Аяқ арасы алшақ, қуыршақ алда.</p> <p>1-2 денені оңға, солға бұрыу, бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>Бастапқы қалып: қуыршақты кеудеде ұстая.</p> <p>1-4 алға енкею. "Қуыршақтар билейді".</p> <p>5-6 бастапқы қалыпқа келу (Зрет).</p> <p>Бастапқы қалып: 1-2 отыру, қуыршақты еденге қою.</p> <p>3-4 тік тұру,</p> <p>Куыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен).</p>			

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дene шынықтыру)				
Таңғы ас	<p>Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)</p> <p>Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз.</p> <p>Осы сөздерден кейін, балалар таңғы астарын іshedі. Тамақтану барысында, тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Егер бала орындықта дұрыс отырмаса, жанына келіп түзу отыру керектігін айтуда болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және олардың сын- сипатына қарап тануға үрету. Барысы: жүргізуши құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар</p>	<p>"Тапсырманы орында" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Улken және кішкентай заттарды ажыратуларын жаттықтыру. Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойнышқыты, сол қолына кішкентай ойнышқыты ал деп</p>	<p>"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үрету; жер бетіндегі барлық мазмұндарды түсінуге үрету; жер бетіндегі барлық мотивациялық дайындықты</p>	<p>Шаттық шенбері Мақсат-міндеттері. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл күй мен үйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты</p>	<p>"Кім, не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту;</p>

	<p>жүргізушінің жасырып отырған құсын табады. Құстарды қазақ тілінде атайды. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. (тәнисмұқ дағдылар, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>әртурлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, балалар сол жерде өсетіндерді ғана таңдайды. Олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез келген қимылды таңдауға болады), егер болмаса, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма, итмұрын, карақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және тағы басқа. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>тәрбиелеу. Кел, балалар, кулейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, кулейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртурлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоныз, құрт, алма сүреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына қоректерді бөлу. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту)</p>
Білім беру ұйымының кестесі бойынша	Дене шынықтыру "Жомарт қораз". Мақсат-міндеттері.	Дене шынықтыру "Қораз секілді қанат қағайык".	Музыка "Жомарт тұлкі". Мақсат-міндеттері.	Дене шынықтыру "Өрмелейік, қане біз".	Қазақ тілі "Күзгі жаңбыр". Мақсат-міндеттері.

Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүргуге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; еденде тұрған тақтаймен өрмелуе техникасын әтпесінен өткізу; жылжының үйрету. "Қоян" қимылды ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қоянның қимылдарын келтіруді үйрету (жүгіру, секіру, сәбізді жеу).</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелуе техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз турады білімдерін толықтыра отырып, қораздың дауысын тыңдату.</p> <p>"Еңбектейік, қане біз" қимылды ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жалауға дейін еңбектеп баруды үйрету.</p>	<p>Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музикалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғакты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музика әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауды үйрету; музикалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; жомарт күз туралы үғым беру.</p> <p>Балалардың әнді тыңдауда сөздік</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларда еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелуе техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникасын бекіту.</p> <p>"Өрмекші секілді өрмелейік"</p> <p>қимылды ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кеглиге дейін өрмелеп баруды үйрету.</p>	<p>Казак тілінде жаңбыр түрлерінің атауларын атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырактардың түсін білдіретін сөз тіркесін құрауды үйрету.</p> <p>«Жалғастырып айт» дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздігінде етістіктерді белсендіруді жалғастыру.</p>
----------------------------------	--	---	--	---	---

			<p>мазмұнын түсіне білу қабілеті мен музыка жетекшісіне ілесе ән айту қабілетін дамыту.</p> <p>"Жомарт тұлкі" оыйны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойын ойнауды үйрету, қимыл шапшандығын дамыту.</p>		
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтепкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>«Күзгі саябаққа серуен» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Адамдардың саябаққа не үшін келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі</p>	<p>Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру;</p>	<p>Аққайынды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістер мен ерекшеліктерді бақылау. Ағаштарға қамқорлық жасауға</p>	<p>"Жаңбыр жауғанда" фонемо- ырғақ жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу;</p>	<p>Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік өзгерістер жайлы білімдерін кеңейтуді жалғастыру, қиялдарын дамыту -</p>

	<p>өзгерістерге көніл аудару, бақылау, әңгімелеу.</p> <p>Еңбек: саябақтағы әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратуды үйрету.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: тақпақ жаттату. (көркем әдебиет)</p> <p>Қ. Шарғытбаев «Күзгі жапырақтар». Алтын, сары, қызыл, көк</p> <p>Алуан-алуан жапырақ</p> <p>Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.</p> <p>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен</p>	<p>құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру.</p> <p>Балалар сауысканның дыбыстарын тыңдал, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсаматынын байқайды.</p> <p>Еңбек әрекеті: кураган жапырақтарды жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың</p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p>Қайың өте әдемі ағаш. Оның ақ түсті қабығы ерекше көзге түседі. Аққайың көктемде ерте бүршік жарады. Ал жапырағы кештей шығады. Қайың ағашының бұтағы мен діні берік, әрі қатты. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті.</p> <p>Қайың көктемде гүлдейді, оның гүлдері сырға секілді салбырап жатады.</p> <p>Күз мезгілінде жапырақтары алтындај жарқырап жерге түседі.</p> <p>Суретшілер қайыңның суретін салуды ұнатады.</p> <p>Балаларға қайыңның суретін салуды ұсыну. (сурет салу)</p>	<p>жанбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.</p> <p>Жау, жау, жанбыр! Жау, жанбыр!</p> <p>Арық суы мол болсын!</p> <p>Өсімдіктер мол болсын!</p> <p>Жауған жерің шөп болсын!</p> <p>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)</p> <p>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)</p> <p>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)</p> <p>"Күн мен жанбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа</p>	<p>бұлттар неге ұқсайды.</p> <p>"Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қымылдауға баулу; жанбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.</p> <p>Ақсың, сұрсың, қарасың,</p> <p>Қайда қалқып барасың?</p> <p>Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін!</p> <p>Гүл-гүл жайнап өсер көк,</p> <p>Нөсерлетсөң, нөсерлет!</p> <p>"Күн мен жанбыр"</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>секіруге дағдыландыру.</p> <p>Балалардың секіру жолының бойына көлденең сзықтар салынады немесе жіптер төсөлінеді.</p> <p>Күрделенуі: сзықтардан жылдам секіру (уақытқа).</p> <p>Қымыл-қозғалыс оийны: "Лақтыр да, ұстап ал" (2-3 рет ойнатылады).</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды допты лақтыруға және ұстап алуға жаттықтыру.</p> <p>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс- әрекеттері.</p>	<p>қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.</p> <p>Педагог балаларға құстардың ұшып- қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.</p> <p>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғарыға бірқалыпты көтеру)</p> <p>Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменинен жоғары бірқалыпты көтеру)</p>	<p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</p> <p>алаңды ағаштардан курап түскен бүршіктер мен ұсақ бұталардан тазарту.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс істеуге, берілген мақсатқа бірігіп жетуге</p> <p>дағдаландыру.</p> <p>"Аңшылар мен қояндар" қымыл- қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға</p> <p>дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа,</p>	<p>шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарды баспау үшін, биқтеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.</p> <p>"Әткеншек" қымыл-қозғалыс оийны. (дene шынықтыру, көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды бірігіп, шенберде ойын</p>	<p>Қымыл-қозғалыс оийны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға</p> <p>дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарын баспау үшін, биқтеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.</p> <p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек</p>
--	--	---	---	--	--

	<p>Онға үшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Д. Ахметова. "Қарақұс пен балапандар" қымыл-қозгалыс ойны. (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа,</p>	<p>қымылдарын үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынын арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар қояндар болады. Педагог ойынды bastайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар екен?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды арапал, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да, алаңды алыстан</p>	<p>ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша шенбердің біресе бір жағына, біресе екінші жағына жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-акырын итеріп, Әткеншекті қозгалтамыз. Жылдам-жылдап жүгіріп, Шенберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын</p>	<p>тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс істейу біліктілігін бекіту. "Шұңқырдан аттан секіріп өт" қымылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш- жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қымыл-қозгалыс координациясын</p>
--	--	---	---	--

	<p>ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Кім жылдам?" оыйн-жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндетттері. Жүгіруді, секіруді, өрмеледі пысықтау.</p> <p>Өз бетімен еркін оыйн әрекеті, шығарылған материалмен аландағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндетттері. Қызығушылығы бойынша оыйн тандау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.</p>	<p>бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.</p> <p>Педагог: - Қояндар шықты шалғынға,</p> <p>Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді,</p> <p>Тәтті шөппен коректенеді.</p> <p>"Қояндар, қашындар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар"</p> <p>жасырынған жерлерінен ытқып шығып, "қояндарды" көздел, допты</p> <p>аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, өз орындарына доптан жылдам қашып баруға</p>	<p>босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шенбер бойымен журғізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шенбер ортасына қарату керек. Балалардың оыйнды менгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу.</p> <p>Әрбір бала қимылдау кезінде шенбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шенбердің жылжып жатқанын бақылайды.</p> <p>Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орынданай білу</p>	<p>дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарга саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.</p>
--	---	---	---	---

			<p>тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, бага беруге болады. Педагог ойынның қауіпсіздігін қадағалайды.</p> <p>"Қайыңға қарай жүгір" қымыл- қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге дағдыландыру; тапсырманы зерткіспен және шапшандықпен орындауды үйрету.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p>	<p>мүмкіндіктерін жетілдіру.</p>	
--	--	--	---	---	--

			Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету дағдысын қалыптастыру.		
Серуенниен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуда машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Тұскі ас	<p>Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; наанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)</p> <p>Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз.</p> <p>Осы сөздерден кейін балалар тұскі астарын іshedі. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуда болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</p>				
Күндізгі үйқы	Балалардың тыныш үйықтауына жайлы жағдай жасау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Бірте-бірте тұргызу, сауықтыру шаралары	<p>Керуэттегі жаттығулар Көзімізді ашайық Аунап-қунап алайық. Үйқымызды ашайық "Самал жел" (ішпен жатып, қолдарын дене бойымен жіберу, бастарын сәл көтеріп, жел сокқанын көрсету)</p>				

	<p>"Ф-ф-ф".</p> <p>"Желдің желпүі". Ішпен жатып, қолдарын дene бойымен жіберу, қолдарын екі жаққа созу.</p> <p>"Жел бұлттарды айдайды" (тізені құшақтап жату, аяқты құшақтап денемен алдыға және артқа қарай тербелу) (дene шынықтыру, дербес әрекет, көркем сөз)</p>				
Бесін ас	<p>Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасықты, шанышқыны); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырганда сөйлемеу; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.)</p> <p>Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз.</p> <p>Осы сөздерден кейін балалар бесін астарын іshedі. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оның қасына келіп түзу отыру керектігін айтуга болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Кораз ойыншығымен танысу". Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларға үй құстарының сыртқы кескін-кейіпі және тіршілік ерекшеліктері</p>	<p>Қоршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу "Жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін көңейту;</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Дөңгелек жемістер мен көгөністер". Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға жаттықтыру; түйсіну және көрү арқылы</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Апельсиндер". Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды қылқалам арқылы қызыл сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді, тіктөртбұрышты пішінге бір сапқа қатарымен салуды</p>	<p>Үстел үсті театры "Жеті лақ пен қасқыр" ертегісі Мақсат-міндеттері. Балаларға үстел үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әнгімелеп беру. (көркем әдебиет)</p> <p>"Көгөністер дүкені"</p>

	жөнінде мағлұмнұрлар беру, ойыншықты сипаттау және ол туралы әңгімелуе тәртібімен таныстыру. "Құстарды аулаға жинайық?" Мақсат-міндеттері. Құстардың атауын қазақ тілінде дүрыс атауға дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	көгөністер мен жемістерді ажыратып атау дағдыларын жетілдіру; бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жомарт күз туралы үғым беру.	дөңгелек пішінді заттардың қасиетін зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту.	үйрету. "Күнге не үқсайды?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Мнемокарта бойынша дөңгелек пішінге үқсас заттарды қазақ тілінде дүрыс атауды дағдыландыру. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	сюжетті-рөлдік ойны. Мақсат-міндеттер: балалардың сатушы мамандығы туралы білімдерін бекіту. Балалардың ойынға қажетті құралдарды пайдаланып, дүкен ойынын ойнау. (сөйлеуді дамыту)
	"Бауда, әлде бақшада?" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді	көгөністер мен жемістерді тануға, байқампаздыққа дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)	орналастыруды үйрету; тапқырлықа баулу. (танымдық дағдылар)	Саусақ ойны. "Бақшадағы қызанақ пен қияр". Мақсат-міндеттері. Бақша туралы түсінік бере отырып, қызанақ пен қияр көрініс екенін ажыратуды үйрету. (коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Кұрастырудан ойын-жаттығу "Қорап". Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпіш құрылыш материалынан қорапша құрастыруды үйрету; кірпішті көлденен және қатар қоя білу, тиістірілген бүршіштарды, тұтас жасанды құрылыш нысанын көріп, қолмен түзеп отыру

	дамыту) Қоршаган ортамен танысудан ойын-жаттығу "Аспаз". Мақсат-міндеттері. Балалардың аспаз еңбегі туралы үғымдарын көнекті; аспаз еңbegі туралы түсінік бере отырып, аспаз құrалдарының аталуын жатқа айтуда үйрету. Дидактикалық ойын: "Тағам тұrлерін ата". Мақсат-міnдеттері. Тағам тұrлерін қазақ тілінде дұрыс атауды үйрету. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	ішіндегі заттардың қандай пішінге үқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. (математика негіздері)	тындағанда сөздік мазмұнын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; үйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. «До – ре – ми» ойыны. Мақсат-міnдеттері. Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажыратуды үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.	Вариативті компонент/Әлеумет «Медбике жұмысымен танысу» Мақсаты: Балалар жеке еңбек процесстерімен танысып, әр еңбектің жемісін көрсетіп түсіндіру. Медбике бөлмесімен танысу. «Градусник, бинт, дәрі» байлайды, «өлшейді» деген сөздер енгізу, сөздік қорына енгізу . Д/о «Емхана»	қабілеттеріне дағдыландыру. Құрылыш нәтижесімен ойнату. (сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	Санамақтар айтқызы. Бір дегенім - білеу, Екі дегенім - егей,	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. "Жомарт Күз" (суретті қарастыру)	Әңгіме құрастыру "Табиғат". Мақсат-міnдеттері. Баланың сөздік	"Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсат-міnдеттері. Қарапайым

	<p>Үш дегенім - үскі, Төрт дегенім - төсек, Бес дегенім - бесік, Алты дегенім - асық, Жеті дегенім - желке, Сегіз дегенім - серке, Тоғыз дегенім - торқа, Он дегенім - торқа, Он дегенім - оймақ, Он бір қара жұмбак.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.</p>	<p>қорын табиғаттағы ерекшеліктердің атауларын білдіретін сөздермен байту.</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын ойыншиқтардың атауларын білдіретін сөздермен байту.</p>	<p>сұрақтарға жауап беруді үйрету.</p>
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киоін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>«Күзгі саябаққа серуенді бақылауды жалғастыру. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Адамдардың саябаққа не үшін келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі</p>	<p>Қарға мен сауысқанды бақылауды жалғастыру. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айтуға машықтандыру;</p>	<p>Аққайынды бақылауды жалғастыру. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістер мен ерекшеліктерін бақылау. Ағаштарға қамқорлық жасауға</p>	<p>"Жаңбыр жауғанда" фонемо- ырғақ жаттығуын жалғастыру. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жанбырға еліктеуге</p>	<p>Бұлттарды бақылауды жалғастыру. (коршаған ортамен тәнису, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік өзгерістер жайлы білімдерін кеңейтуді жалғастыру, қиялдарын дамыту,</p>

	<p>өзгерістерге көніл бөлдіріп бақылау, әңгімелеу.</p> <p>Еңбек: саябақтағы әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратып үйрету.</p> <p>Балалармен жеке жұмыс: тақпақ жаттату. (көркем әдебиет)</p> <p>Қ. Шарғытбаев «Күзгі жапырақтар». Алтын, сары, қызыл, көк</p> <p>Алуан-алуан жапырақ</p> <p>Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап.</p> <p>"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен</p>	<p>құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерешекліктері мен белгілерін тануға ынталандыру.</p> <p>Балалар сауысканның дыбыстарын тыңдал, сыртқы пішініне қарап, өзге ұқсамайтынын байқайды.</p> <p>Еңбек әрекеті: кураган жапырақтарды жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дene шынықтыру, көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың</p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p>Қайың өте әдемі ағаш, ол ақ түсті қабығымен ерекше көзге түседі.</p> <p>Ал жапырағы кештеу шығады. Қайың ағашының бұтағы мен діні берік, әрі қатты. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті.</p> <p>Қайың көктемде гүлдейді және гүлдері сырға секілді салбырап жатады.</p> <p>Күз мезгілінде жапырақтары алтындај жарқырап, жерге баяу түседі.</p> <p>Суретшілер қайынды суретке салуды ұнатады. Балаларға қайыңның суретін салуды ұсыну. (сурет салу)</p>	<p>ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру.</p> <p>Жау, жау, жаңбыр, Жау, жаңбыр!</p> <p>Арық сұы мол болсын!</p> <p>Өсімдіктер мол болсын!</p> <p>Жауған жерін шөп болсын!</p> <p>Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)</p> <p>Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру)</p> <p>Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру)</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге</p>	<p>бұлттар неге ұқсайды.</p> <p>"Бұлтқа" фонемо-ыргақты жаттығуы. (дene шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды сөздердің ырғағына сай қымылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру;</p> <p>артикуляцияны жаттықтыру.</p> <p>Ақсың, сұрсың, қарасың,</p> <p>Қайда қалқып барасың?</p> <p>Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін!</p> <p>Гүл-гүл жайнап өсер көк,</p> <p>Нөсерлетсөн, нөсерлет!</p> <p>"Күн мен жаңбыр"</p>
--	--	---	--	---	--

	<p>секіруге дағдыландыру.</p> <p>Балалардың секіру жолы бойына көлденең сзықтар салынады немесе жіптер төсөледі.</p> <p>Күрделенуі: сзықтардан жылдам секіру (уақытқа).</p> <p>Қымыл-қозғалыс ойны: "Лақтыр да, ұстап ал" (2-3 рет ойнатылады).</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды допты лақтыруға және ұстап алуға жаттығу.</p> <p>Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.</p>	<p>қимылдарына еліктеуге машиқтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру.</p> <p>Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін.</p> <p>Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)</p> <p>Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қол бұлғау)</p> <p>Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменинен жоғары бірқалыпты көтеру)</p>	<p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</p> <p>аланды ағаштардан курап түскен бүршіктерді, ұсақ бұталарды жинау.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Бірігіп жұмыс істеуге, берілген мақсатқа бірігіп жетуге дағдыландыру.</p> <p>"Аңшылар мен қояндар" қымыл-қозғалыс ойны.</p> <p>(дene шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру;</p> <p>мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа,</p>	<p>және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықты баспау үшін, биіктеу жерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.</p> <p>"Әткеншек" қымыл-қозғалыс ойны. (дene шынықтыру, көркем сөз)</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды бірігіп, шенберде ойын ережесіне сай ойнауға</p>	<p>Қымыл-қозғалыс ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру;</p> <p>вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарды баспау үшін, биіктеу жерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс.</p> <p>Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>Онға үшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды үшаққа. (аяқ ұштарына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру) Д. Ахметова. "Қарақұс пен балапандар" қымыл-қозгалыс оыйны. (dene шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа,</p>	<p>қымылдарды үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды: - Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар" қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да,</p>	<p>ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; Еткеншекті тәрбиелеу. Ақырын-акырын итеріп, Эткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдан жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет</p>	<p>құрғақ жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен істей біліктілігін бекіту. "Шұнқырдан аттап секіріп өт" қымылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш- жігерін дамыту. Өз бетімен еркін оыйн әрекеті, шығарылған материалмен оыйндар. Мақсат-міндеттері. Қымыл-қозгалыс координациясын дамыту; негізгі қымылдарды</p>
--	--	--	--	--

	<p>ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> <p>"Кім жылдам?" оыйн-жаттығуы. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндетттері. Жүгіруді, секіруді, өрмеледі пысықтау.</p> <p>Өз бетімен еркін оыйн әрекеті, шығарылған материалмен аландығы оыйндар.</p> <p>Мақсат-міндетттері. Қызығушылығы бойынша оыйн тандау мүмкіндігімен қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.</p>	<p>аланды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.</p> <p>Педагог: - Қояндар шықты шалғынға,</p> <p>Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді,</p> <p>Тәтті шөппен коректенеді.</p> <p>"Қояндар, қашындар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар"</p> <p>жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздел, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында</p>	<p>қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірынғай қимылдауын қадағалап жүргізу керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жакқа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың оыйнды менгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу.</p> <p>Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды.</p> <p>Еркін оыйндар: балалардың негізгі қимылдарды орындау мүмкіндіктерін жетілдіру.</p>	<p>орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p>
--	---	--	--	--

			<p>"аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.</p> <p>"Қайыңға қарай жүгір" қимыл- қозғалыс ойыны. (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге машықтандыру; тапсырманы зеректікпен және шапшандықпен орындауға дағдыландыру.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p>	
--	--	--	---	--

			Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз ету және күрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.		
Серуенниен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: откен тақырыптар бойынша суреттерді қараша, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталашу. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Үстел театры "Шұбар тауық" ертегісі.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға ертегіні мұқият тыңдауды және көруді, кейіпкерлердің қылыштарын бақылауды, ертегілерді жақсы көруді үйрету.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, күз тақырыбына байланысты суреттер. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында жемістер мен көгөністердің бояу суреттерін бояту, көгөністер мен жемістерді мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</p> <p>Еркін рөлдік ойындар.</p> <p>"Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту.</p> <p>Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталашу)</p>				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес: "Үйде ойын бұрышын үйимдастыру".	Балалардың отбасында не істей алғашындары туралы әңгімелесу.	Кеңес. "Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы".	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

				дамытудын маңыздылығын түсіндіру.	
--	--	--	--	---	--

Тексерген әдіскер

Оразгалиева Г.Б.

